



Аубакирова Куляйша Кулжамбекована

1959 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданы,
Ақсу-Аюлы ауылында дүниеге келді. 1977 жылдан бастап
“Балдырған ”
бөбекжайында тәрбиеші болып жұмыс атқарды. 1983 жылы
Балхаш
педагогикалық училищесін мектепке дейінгі тәрбие мамандығы
бойынша
тәмамдаған. Бірінші санатты тәрбиеші. “Балдырған”
балабақшасында 41 жыл
қызмет атқарған. Жас жеткіншектерді оқыту мен тәрбиелеудегі
жетістіктері
үшін 2008 ж. Шет ауданының білім беру бөлімінің алғыс хатымен,
2013 жылы
Шет ауданы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған.
Сонымен қатар,
көптеген аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық
сайыстардың диплом,
алғыс хаттарымен марапатталған. 2018 жылы зейнеткерлік
демалысқа шықты.





АЛҒЫС ХАТ

Шет ауданының білім беру бөлімі
Жас жеткіншектерді оқыту мен тәрбиелеудегі
жетістіктері үшін
«Балдырған» балабақшасының тәрбиешісі
Аубақирова Құлайша Құлжанбекқызына

АЛҒЫС АЙПАДЫ



Бөлім
бастығы:  К.Далабаев

Ақсу – Аюлы-2008жыл

Даралықтың жаңалықтың тірісің
Ойың озық, өрең биік ірісің,
Ісің қалсын ортаңды таңқалдырып,
Дарынды дарабоздың бірісің!

МАДАҚТАМА ГРАМОТА

"Балдырған" балабақшасына
"Тұлпар" атта "Тапқыр достар"
сайысына қатысып, білімі мен
өнерлері көрсеткен үшін
"Тұлпар" тобының тәрбиешілері
"Сейіт мерген, бір сөзге" номинациясымен марапатталады.



Хантуркина С.Х.

2012 жыл

Дизайн - Селезнева А.Ф.



САЙЫС ӨТКІЗІЛДІ

Жақында «Балдырған» балалар бақшасында «Тапқыр достар» сайысы болып өтті. Бұл сайыста балабақша тәрбиешілері өз өнерлері мен білімдерін ортаға салып, «Күншуақ» және «Тұлпар» тобы болып екі топқа бөлініп, жұмбақ шешу, мақал-мәтелді жалғасын табу, ілім-білімге, ғылымға, өдегұрыпқа байланысты қойылған барлық сұрақтарға тартымды жауап беріп, өздерінің білім деңгейлерін көрсетті. Осы сайыста «Күншуақ» тобы Шықбермес Шығайбайдың ауылындағы қызықтарды сомдаса, тәрбиешілер Ғ.Сқақова, Ғ.Бекішбековалар өзбек билерін мың бұрала билеп, көпшілікке көңіл күй сый-анан

қатысқан тәрбиеші Н.Түсіпханова «Астана» әнін орындаса, тәрбиешілер Н.Нілдібаева, К.Әубәкірова, М.Қасымовалар өздерінің ұшқыр ойлы, тапқырлықтарын көрсетіп, қойылған сауалдарға ұтымды жауаптар қайтарды. Осындай шараның қызықты да тартымды өтуіне тіл маманы Д.Омарбаева ұйымдастырушылық танытып, атсалысты.

Мерекелік шараның соңында балабақша меңгерушісі С.Хантуркина сайысқа қатысқан тәрбиешілерге ризашылығын білдіріп, сый сипат көрсетті.

Қ.ҚОСЫБАЕВА,
«Балдырған»
балабақшасының
тәрбиешісі.



Жас сәбидің шат күлкісі қандай әсем. Жарқын өміріміздің жарқын болашағы да солар. Сондықтан да партия мен үкіметіміз жас сәби тәрбиесіне ерекше маңыз беріп, олардың алаңсыз өсіп, денсаулығы зор

Сәбиді жаны сүйген тәрбиеші айтса айтқандай оның сөзін қасындағы Көкен де құптайды. Ол екеуі бір группада тізе қоса еңбек етіп, ата-аналардың лайықты құрметіне ие болған. Олар әр сабағында бүлдіршін-

Сәбиді жаны сүйген

азамат болып шығуына әрдайым әкелін қамқорлық жасауда емес пе? Соның айқын мысалын аудан орталығындағы «Балдырған» бала бақнасынан көруге болады. Мұнда бала тәрбиесіне ерекше ден қойған тәжірибелі тәрбиешілер еңбек етеді. Соның бірі жас сәбилерді тәрбиелеу группасында еңбек ететін Әубәкірова Күләйша Құлжанбекқызы.

Қызындығы мен қызығы мол тәрбиешілік жұмысқа Күләйша 1976 жылы аудан орталығындағы Б. Алтынсарин атындағы орта мектепті тәмәмдағаннан кейін араласты. Содан бері ол жас бүлдіршіндерді тәрбиелеу ісіне өзінің барлық күш-жігерін жұмсап, коллективтің лайықты құрметіне бөленуде.

Оз жұмысын тиянақты атқаратын жігерлі жас жұмыстан қол үзбей жүріп, Балқаш қаласындағы педагогикалық училищеге 1980 жылы оқуға түсіп, оны 1983 жылы ойдағыдай бітіріп шықты.

—Жас бүлдіршіндермен жұмыс істеу қызықты. Олардың әр күлкісі бізге қуаныш сыйлайды, — дейді Күләйшамен әңгімелескенде.

дердің түсінігіне сәйкес дидактикалық материалдарды, көрнекті құралдарды тиімді пайдаланады. Күләйшаның группасында тәрбиеленетін үш жасқа толмаған сәбилердің қай қайсысымен де сөйлессең ағы-жөнін айттып, үйренген тақпақ, өлеңдерін орындап береді. Әрине, бұл тәрбиешінің талмай ізденген қиын да, қызық жұмысының жемісі іспетті.

Жігерлі жастың бұл дүршіндер тәрбиесінде бұдан былай да табысқа жете беруіне әрбір ата-ана тілектес екенін әрдайым естиміз. Осындай жақсы тілекке біз де қосыламыз.

Балалар—біздің болашағымыз. Сондықтан да жас бүлдіршіндерді адамгершілік, ізгілік мұраттарға тәрбиелеу — тәрбиешілердің абыройлы борышы. Бұл орайда өз ісімен коллектив ортасында ерекшеленіп жүрген Күләйшаның табыс биігінен көрінетіндігіне сенім мол.

С. АЙНАТАЕВ,
Ақсу-Аюлы селосы.

Редактордың орынбасары
Р. ЖҮНИСОВ.



БҮЛДІРШІНДЕР БАҒБАНЫ

Бала тәрбиесі ең әуелі отбасына байланысты. Баланың отансүйгіштікке, қайырымдылыққа, қарапайымдылыққа тағы да басқа адами қасиеттерге бейімделуі өз шаңырағы астында қалыптасады. Осы қаланған іргетас, отбасынан алған тәрбие бала бақшада әрі қарай жалғасын табады. Сондықтан, осы тәрбие ортасы, бүлдіршіндер мекенінің бала тәрбиесіне қосар үлесінің маңызы зор.

Мамандықты көз келген адам игереді. Ал, нағыз әмбебап болу екінің бірінің қолынан келе бермесі анық. Әсіресе, жас бүлдіршіндерге тәрбие беріп, олардың әрқайсысының тілін таба отырып, білмегендерін үйретіп, жұмыс істеу қиын да

ва, Н. Рашидова, Р. Алтынбекова сынды тәжірибелі тәрбиешілер еңбек етті. Осы апайларым маған тәрбиешіліктің қыр-сырын үйретіп, балалармен қалай жұмыс істеу керектігін түсіндіріп отыратын. Қазірде біз бала бақша тәрбиешілері мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу барысында “Балбөбек” мемлекеттік бағдарламасымен талаптарға сай, жаңаша жұмыс істеудеміз. Күнделікті сабақ ойын түрінде өтеді. Сабақты бала ойын тілімен жеткізіп, соларға бала тілімен ене отырып түсіндіруге тырысамыз. Кішкентай балаларға зекіп, болмаса қаталдық танытып, ашуден еш нәрсе түсіндіре алмайсың. Бұл бала психологиясына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан мен



күрделі іс. Бұл тек өз мамандығын жетік меңгеріп, қыр сырын үлкен маманның ғана қолынан келеді. Міне, сондай жандардың бірі Әубәкірова Күләйша Құлжанбекқызы. Күләйша Құлжанбекқызы 1977 жылдан бері аудан орталығындағы “Балдырған” балабақшасында тәрбиеші болып еңбек жолын бастап, содан бері табан аудармай жемісті еңбек етіп келеді. Бүлдіршіндерге тәлімді тәрбие бере отырып, олармен бірге сабақтарды ойын түрінде ұйымдастырып, түрлі таңертңгіліктерді қызықты еткізіп, ертегілер ұйымдастыру арқылы жас бүлдіршіндерді ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелей білуде. Сәбилердің тыңдау мен ұғынуына баса назар аударған дұрыс. Оларға айтылатын әңгіме мен ертегі қызықты болса оны тыңдауға, көруге деген құлшыныста артады. Сондықтан Күләйша өз тобындағы сәбилерді ертегі кейіпкерлерінің киімдерін кигізе отырып, қызықты етіп еткізіп отырады.

Қазақ халқы қашанда бала тәрбиесіне ерекше мән берген ғой. “Балалы үй базар” деп баланы бауыр еті санаған. Бала-әрі болашағын, әрі өсіріп баптап отырған бәйтерегі. Бүгінгі бүлдіршін еліміздің байрағын желбіретер ертеңгі азамат. Бірақ бала тәрбиесі оңай іс емес. Ал, сол сәбилердің қызығы мен шыжығын көріп, еркелігін көтеріп, анасындай болып жүрген тәрбиеші қауымның атқарар ісімен көтерер жүгі ауыр да, жауапты.

—Біздің “Балдырған” балабақшасы 1965 жылдан жұмыс істеуде. Мен өзім еңбек жолымды осы мекемеде он жылдықты бітіргеннен кейін 1977 жылы тәрбиешіліктен бастадым. Сол кездерде балабақшада Б. Мұхамеджанова, Г.Ақыпо-

балалармен әркез балаша сөйлесіп, тіпті кейде солардың жасына сай қылықтарды жасап отыруға тура келеді. Бала бойына адамгершілік, отанды, туған жерді сүю тәрбиелерін, ата-анасын, өзінен үлкенді қалай сыйлау керектігін түсіндіре отырып, күнделікті сабағымда ұлттық тәрбиеге басты назар аударамын. Топтағы балалардың жеке-жеке өздеріне арнап ашылған папқалары бар. Онда өздерінің желімдеп жасаған дүниелері, әр түрлі тақырыптардағы салған суреттері сақталынған. Айтқан әңгіме мен ертегі ойнатқан ойының бала үшін қызықты да, жағымды болса тыңдауға деген құлшынысы артады. Топтағы 15 баланың көңіл-күйін, мінез-құлқын түсінуге тырысамын. Олардың да тілдерін тауып, олармен педагогикалық тұрғыда тіл табыса білемін, — дейді Күләйша бізбен әңгімесінде.

Балдырғандарға тәлімді тәрбие беріп, сәбилердің алаңсыз ойнап, демалуы жолында жемісті еңбек етіп жүрген К. Әубәкірова көптеген мақтау қағаздары мен Алғыс хатпен марапатталған. Бүлдіршіндердің бақытты балалық шағының игілігі жолында қызмет етіп келе жатқан Күләйша отбасы ұйытқысы, жолдасы Марат екеуі екі бала тәрбиелеп отырған бақытты ата-ана. Балдырғандардың қалыпты деңгейде жетіліп, оларды сауықтырумен қатар, тәлімді-тәрбие беріп, балбұлшаңырақта жемісті еңбек етіп жүрген бүлдіршіндер бағбаны Күләйшаға алдағы уақытта да еңбегіне табыс тілейміз.

Ш.ӘБДИЕВА.

Суретте: тәрбиеші Күләйша сәбилер ортасында





БҮЛДІРШІНДЕР ТАБЫСЫ

Жылдағы дәстүрмен жақында Қарағанды қаласындағы К.Станиславский театрында «Маленькая страна-2012» байқауы өткізілді. қатысып, жүлдемен оралған болатын. Ән айту, би билеу кезеңдері бойынша өз өнерлерімен таныла білген біздің бүлдіршіндеріміз облыс көрермендерінің ыстық ілтипатына ие болды. Би байқауында балабақшадағы «Ортаңғы-Б» тобының биші тәрбиеленушілері Аружан Ермекова, Лейла Рашидова, Жаннұр Мейрамбек, Ақбота Сиязова, Ажар Боранбай, Елдар Егінбай, Ернар Бекдаров, Досымжан Маратов, Әділ Меңдібай және Арайлым Ысқақ, Ақсу-Аюлы селосы.

сы Тілеубереновтер «Бонием» биін ерекше ықпалмен орындап, жиналған көпшілікке шуақты көңіл күй сыйлады. Бұл облыстық байқауда бүлдіршіндердің ұлттық жетістіктеріне ұйытқы болған балабақша тәрбиешілері Гүлм Жұқанова, Гүлмира Тәжібаева және ән жетекшісі Алтынай Сәулебекованың қосқан үлестері зор екенін атап айтуға болады. Сондай-ақ, бүлдіршіндеріміздің ата-аналары да демеушілік көрсетіп, жас бүлдіршіндердің өнерлерінің шыңдалуына ұйытқы бола білді.

Облыстық байқауда балабақша бүлдіршіндері арнайы дипломды иеленіп, марапатпен орады. Біз де кішкентай бүлдіршіндерімізге ризашылығымызды білдіріп, өнерлерің өрге жүзе берсін деген ақ тілегімізді білдіреміз.

Арайлым ЫСҚАҚ,
Ақсу-Аюлы селосы.



Қарағанды облысының мәдениет басқармасы
Қарағанды облысының білім басқармасы



ДИПЛОМ

Халықаралық балаларды қорғау күніне және
«Астана 2012 - түркі әлемінің мәдени астанасы»
жылына арналған балалар шығармашылығының
"ЕРКЕЖТАИ"

атты VI облыстық фестиваліне белсене

қатысқаны үшін

Сиязова Ақбота
марапатталады



Ұйымдастыр

Қарағанды - 2012



Өнерің өрге жүзсін, Ақбота

Өнерлі кішкентай бүлдіршіндеріміздің өнерін ұштау, жұртшылыққа кеңінен таныстыру мақсатында ауданымызда игілікті шаралар жүзеге асырылып келе жатқаны қуантарлық. Әсем өндер орындап, көңілді билер орындап жүрген біздің «Балдырған» балалар бақшасының кішкентай өнерпаздары өткізілген мерекелік шараларда көрермен көзайымына айнала білуде. Соның айғағындай жақында балабақшамыздың сүйікті де сүйкімді әнісі Ақбота Сиязова балалар мерекесі мен «Астана 2012- түркі әлемінің мәдени астанасы» жылына арналып өткізілген балалар шығармашылығының «Еркежтай» атты VI облыстық фе-

стиваліне қатысып, арнайы диплом иеленіп қайтты. «Құлыншақ» тобының кішкентай бүлдіршіні Ақботаның осындай зор жетістікке қол жеткізуіне топ тәрбиешелері К.Әубәкірова, Н.Түсіпханова, Ш.Мақтабектердің және өн жетекшісі Алтынай Сәулебековалардың қосқан үлесі зор. Кішкентай бүлдіршіміз Ақбота Сиязоваға өнерін өрге жүзіп, қанатын талмасын деген игі тілегімізді білдіреміз.

Майра СИЯЗБЕКҚЫЗЫ,
«Балдырған» балалар
бақшасының әдіскері.











